

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.279-282

ЛИЗИНГТІҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Имангалиева М.

Тарихта индустриалды және ғылыми-техникалық төңкеріс кезеңін басынан өткерген, экономикада, мәдениетте және саяси-әлеуметтік құрылымда едәуір жоғары деңгейге көтерілген елдер ғана дамыған елдер қатарына кіре алады. Дамыған ел деген атпен қалу үшін қай елдің болсын экономикасында құлдырау және шарықтау кезеңдері болатыны анық. Ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін нығайту, дамыту мемлекеттік саясатпен белгілеген негізгі бағыттардың бірі. Экономика саласын қолдау, кәсіпкерлік үшін әкімшілік кедергілерді жою, аграрлық өндірісте жеке инвестицияның тәуекелін төмендету, сақтандыру займдары жүйесін құру - еліміздің агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған нақты қадамдар. Осы орайда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатының артуына байланысты міндеттерді толығымен орындау үшін түрлі салада іргерілеу жұмыстарын жүргізу қажет. Экономикалық қолдауды қажет ететін салалардың бірі лизингтік қызметтер.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы лизингтің ахуалы және осы саланы дамыту негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Қазақстан үшін лизинг дамыта түсуді қажет ететін жаңа қызмет түрі болып табылады. Өнеркәсіпті өркендетуге инвестиция тартуға ынталандыру үшін, отандық өндірушілер арасындағы бәсекелестікті арттыру үшін еліміздегі лизингтік қарым қатынасты дамыту қажет. Бірақ ол үшін тиісті жағдай жасалып, шет елдердегі тәжірибеге сәйкес, аталған қызмет түріне арналған заңдар мен салық жеңілдіктері қарастырылуы шарт. Отандық өндірушілер мен кәсіпкерлерге осы саланы дамытуға жағдай жасалып, экономикаға нақты инвестициялар әкелетін ұзақ мерзімді лизингтік мәмілелер жасауға қол жеткізу керек.

Инвестициялық тартымдылық деңгейі мен шетелдік инвесторлар сенімі атқарушы билік қызметін бағалаудың басты көрсеткішінің бірі болып табылатындықтан, инвестициялық ахуалдың жақсаруын қамтамасыз ету үшін жаңа құқықтық негіз қалыптастыру үкіметтің алға қойған мақсаттарының бірі болып саналады [1]. Инвесторларға берілген экономикалық мүмкіндіктер, қолданыстағы заңнамалық актілер және дұрыс жолға қойылған мәмілелерді рәсімдеу, сонымен қатар еліміздегі саяси тұрақтылық инвестиция тартуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге септігін тигізеді. Олар

жаңадан жұмыс орындарын құрып, жұмыспен толық қамтылмау немесе жұмыссыздық мәселелерімен күресуге көмектеседі.

Түрлі дерек көздеріне сәйкес Қазақстанның негізгі қорларының 80% тозған және жуық арада ауыстыруды қажет етеді. Инвестициялық қаржыландыру құралы ретінде лизингі дамыту маңызды. Дамыған елдерде және өтпелі кезеңдегі елдер экономикасында лизинг өнеркәсіпті орта және ұзақ мерзімді қаржыландырудың маңызды құралы болып табылады. Ол лизинг алушылардың, яғни, жұмыспен қамтамасыз ету, инновация енгізу немесе бәсекелестікті дамыту мәселелерінде қолданыстағы немесе жаңадан құрылған кәсіпорындардың қорын көбейтуде маңызды рөлге ие тиімді құрал.

Әлемдік тәжірибеде аталмыш құрал кіші және орта бизнесті дамытудағы қол жетімді қаржыландыру көзі болып табылады. Елімізде лизингтік инфрақұрылымды кеңінен пайдаланудың бастапқы кезеңі 1994 жылдан басталады, себебі осы жылдардан бастап лизингтік компаниялар қарқынды түрде құрыла басталған. Қазақстан Республикасы Үкіметімен декларацияланған лизингі дамытуға қолайлы жағдай жасау саясатының нәтижесінде көптеген нормативті актілерде көрсетіліп, жүзеге аса бастады.

Лизингке қатысты Қазақстан Республикасының "Шетелдік инвестициялар" Заңы 1994 жылғы 27 желтоқсанда N 266-ХІІІ қабылданған [2]. Аталған заңда Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының жарғылық капиталына қатысу, сондай-ақ оларға қатысты шетелдік инвесторлар осындай заңды тұлғалар қабылдаған шешімдерді белгілеуге құқығы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына несиелер беру нысанында жүзеге асырылатын инвестициялар және Қазақстан Республикасының лизинг туралы заңдарында көзделген шарттармен лизинг нысаналарын беру көзделген. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Қаржы лизингі туралы 2000 жылғы 5 шілдедегі N 78 Заңы - қаржы лизингі процесінде туындайтын қатынастарды реттейді және лизинг қызметі негізінде инвестициялар тартуға бағытталған [3].

Қаржы лизингі - лизинг беруші сатушыдан өз меншігіне сатып алған және лизинг шартымен келісілген лизинг нысанасын лизинг алушыға белгілі бір төлемақысына және белгілі бір талаптармен уақытша иеленуге және кәсіпкерлік мақсаттар үшін кемінде үш жыл мерзімге пайдалануға беруге міндеттенетін инвестициялық қызметтің түрі. Бұл орайда лизинг шарты бойынша лизинг нысанасын беру мына талаптардың біріне немесе бірнешеуіне сай келуге тиіс: 1) лизинг нысанасын лизинг алушының меншігіне беру және лизинг алушыға тіркелген баға бойынша лизинг нысанасын сатып алу құқығын беру лизинг шартымен айқындалады; 2) лизинг мерзімі лизинг нысанасының пайдалы қызмет ету мерзімінің 75 процентінен асады; 3) лизинг төлемдерінің лизингтің бүкіл мерзімі ішіндегі ағымдық құны лизингтің берілген нысанасы құнының 90 процентінен асады. Лизинг берушінің құқықтары мен міндеттері. Лизинг беруші: өзіне тиесілі төленбеген лизинг төлемдерін, сондай-ақ шығынның орнын толтыруды талап етуге; лизинг шартына сәйкес лизинг алушының лизинг

шартының талаптарын орындауына бақылау жасауға; лизинг алушы лизинг нысанасын қайтару жөніндегі міндеттемелерін бұзған жағдайда мерзімі кешіктірілген уақытқа төлем жасауды және шығынның орнын толтыруды талап етуге; Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда лизинг алушыдан лизинг нысанасын талап етуге құқылы. Сондай-ақ, лизинг алушымен келісілген лизинг нысанасын лизинг шартының талаптарымен лизинг алушыға беру үшін оны сатушыдан өз меншігіне сатып алуға; сатып алу-сату шартын жасаған кезде лизинг нысанасы белгілі бір лизинг алушыға лизингке беруге арналғаны туралы сатушыға жазбаша хабарлауға; лизинг нысанасы жаңа лизинг алушының иеленуі мен пайдалануына берілгені туралы осындай берілу кезінен бастап бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша сатушыны жазбаша хабардар етуге; лизинг нысанасын лизинг алушыға лизинг шартында келісілген талаптармен беруге; қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтер мен ақпаратты хабарлауға міндетті.

Ал лизинг алушының құқықтары мен міндеттері заң жүзінде төмендегідей жіктелген. Лизинг алушы: лизинг нысанасын лизинг шартының талаптарымен иеленуге және пайдалануға; лизинг нысанасының сапасына және жиынтықтылығына, оны жеткізу мерзіміне қатысты және сатушы мен лизинг беруші арасында жасалған шарт тиісті дәрежеде орындалмаған басқа да жағдайларда сатушыға талап қоюға; егер лизинг шартында өзгеше белгіленбесе, лизинг беруші лизинг шартының талаптарын елеулі түрде бұзған жағдайда лизинг беруші лизинг шарты бойынша лизинг алушы алдындағы өз міндеттемелерін орындағанға дейін төленуге тиісті лизинг төлемдерін тоқтата тұруға; лизинг нысанасын лизинг шартында көзделген тәртіппен қабылдауға; лизинг төлемдерін дер кезінде төлеп тұруға; лизинг нысанасын лизинг шартына сәйкес оның мақсатына сәйкес пайдалануға; лизинг нысанасындағы қалыпты тозуды және тараптар келісіп алған өзгерістерді ескере отырып, лизинг беруші лизинг нысанасын оған қандай күйде берсе, сондай күйінде күтіп ұстауға; егер лизинг шартында немесе заң актілерінде өзгеше көзделмеген болса, лизинг нысанасын өз есебінен күтіп ұстауға, лизинг нысанасына байланысты қажетті коммуналдық төлемдерді жасауға және оған техникалық қызмет көрсетуге, оның ағымдағы жөндеуін жүзеге асыруға; егер шартта және Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмеген болса, лизинг берушінің лизинг нысанасына қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті. Дегенмен лизинг шартында лизинг алушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

Осы орайда, көршілес ел заңнамасынан мысал келтірер болсақ, Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінде қаржы лизингінің шартына ерекше құқықтық реттеу қарастырылған, онда тағы бір «қаржы лизингі» ұғымына жатпайтын - «оперативтік лизинг» бой көрсетеді. Лизинг туралы Федералдық

Заңның 7-3 бабына сәйкес, оперативтік лизинг-лизинг түрі, мұнда лизинг беруші өз жауапкершілігі мен тәуекелшілігіне мүлік сатып алады, оны лизинг алушыға белгілі бір ақыға, белгілі бір мерзімге және айқындалған шарттармен уақытша иелік ету мен пайдалануға зат ретінде береді [4]. Оперативтік лизингте, мүлікті жалға алады, сондықтан арнайы реттеуді қажетсінбейді. ҚР Азаматтық кодексі ерекше түр ретінде лизинг шартын бекітеді, бірақ лизингтің қай түрі - қаржылық па, әлде оперативтік пе, - оны нақтыламайды. Арнаулы заң ҚР «Қаржы лизингі туралы» Заңы қаржы лизингінің шеңберімен ғана шектеліп қалған, ал оперативтік лизинг енді оның реттеуіне енбейді, ҚР АҚ-інің нормаларымен реттеледі. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясында мемлекеттің экономикалық саясатын қалыптастыру және экономика салаларын әртараптандыру арқылы дамудың шикізаттық бағытынан қол үзу арқылы елдің тұрақты дамуына қол жеткізу туралы баяндалған [5]. Өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа бағдарланған тауарлар, жұмыстар және қызметтер өндірісі мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты нысанасы болып табылады.

Дүниежүзілік экономиканың ғаламдануы аясында Қазақстан экономикасы бірқатар проблемаларға тап болып отыр. Негізгі проблемаларға мыналарды жатқызуға болады: бір жақты шикізат бағыттылығы, әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі, ел ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық ықпалдасудың босандығы, ішкі рынокта тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалушылығы, ғылым мен өндірістің арасында ықпалды байланыстың болмауы, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға қаржының аз бөлінуі, менеджменттің экономиканы Ғаламдану процестеріне және сервистік-технологиялық өтуге бейімдеу міндеттеріне сәйкес келмеуі.

Мәселені шешу және Стратегия аясында алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін Даму Банкінің қызметін жандандырумен қатар Қазақстанның инвестициялық қоры, Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорация, Инновациялық қор сияқты арнайы даму институттарын құру көзделді. Стратегияны ойдағыдай іске асыру экономиканың адам капиталын, өндірілген және табиғи капиталды тиімді пайдалануға негізделген тұрақты өркендеуіне алып келетін оның құрылымында сапалы өзгерістер жасауға, Қазақстанның әлеуметтік дамудың және қоғам құрылысының сапалық жаңа деңгейіне шығуына ықпал етті. Экономиканы мемлекеттік реттеу әдістері мен тетіктерін жетілдіру жөніндегі құжаттың жүзеге асу деңгейі бүгінде қарқынды емес. Аталмыш құжатта бұдан өзге, лизингті дамытудағы Қазақстанның Даму Банкінің рөлі, шағын бизнесте инновациялық және ғылымды көп қажетсінетін өндірістерді, оның ішінде лизинг бойынша құрал-жабдықтар мен технологияларды сатып алу және шағын, ірі бизнестің франчайзингтік қатынастарының кең таралуы есебінен дамыту үшін жағдай

жасау қажеттігі нақтыланған. Еліміздегі лизингтің заманауи даму сатысы Ресейдегі лизингтің даму тарихына ұқсас. Себебі, Қазақстанда да, Ресейде де лизингтік компаниялар жобаларды қаржыландыруға қауқарлы банктер жанынан құрылған.

Елімізде отандық лизинг жәнешағын кәсіпкерлік салаларын дамытуға кері әсерін тигізетін бірқатар мәселелер бар. Олар лизинг саласындағы экономикалық жағдайды жақсартуды артқа тартатын техникалық проблемалар, берілетін мүлік түрінің көнеруі, оның өтімділік деңгейі, амортизация жағдайы, қызмет көрсету көлемі және амортизациялық жеңілдік қатынасы, лизингтік төлемдер сипаты тағысын тағы. Дегенмен біздің елімізде лизинг қызметі жылдан жылға ілгері қадам басып қарқындайтынына және болашақта мәселені шешудің тиімді жолдары қарастырылып, қолданыстағы заңнамалар толықтырылып, аталмыш сала ел экономикасын дамытуға едәуір салмақты үлес қосатынына сенім бар.

Әдебиеттер тізімі

1. http://www.inform.kz/kz/investiciyalyk-tartyndylyk-pen-sheteldik-investorlar-senimi-ukimet-kyzmetin-bagalaudyn-basty-korsetkishi-bolady-k-tokaev_a2632570
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940009000>
3. ҚР «Қаржы лизинг туралы» заңы, 2004 ж. 10-наурыз
4. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33639233&mode=p&page=27#pos=1406;-147
5. https://zakon.uchet.kz/kaz/history/U030001096_/17.05.2003